

ЕЗЕМЕН ҚАЗАҚСТАН

Үлгісінен – өнеге, тарихынан тағылым аларлық



«Егемен Қазақстанның» 85 жыл дығында «Толыпсың 85-ке «Егеменім», басынан елдің қамын жеген едің», деп айтқан сөзім бар еді.

«Еңбекші қазақ» болып дүниеге келген, «Социалистік Қазақстан» болып кемелденген «Егемен Қазақстан» қай заманда да, қай кезеңде де елдің сөзін ұстаудан айныған емес. Үнемі халықтың қолынан түспейтін, көп оқылатын әрі қызығып оқитын газет болып келеді.

Әсіресе, егемендік алғалы бері біздің тәуелсіздігімізді орнықтыруға, оны нығайтуға бар күш-жігерін салып келеді. Тәуелсіздік алғаннан бері сол азатты ғымыздың желбіреген көк Туының тұғыры етуге өлшеу сіз үлес қосуда. Елбасының сали қалы саясатына, Қазақстанды мекендеген барлық халықтың ынтымағына, бірлігіне «Егемен Қазақстан» газеті үздіксіз қызмет етіп келеді.

Ылғи бір тағдырлы мақалаларды да, аталы сөздерді де біз үнемі «Егеменнен» оқимыз.

«Егемен Қазақстанның» «етженді» санын әрбір қазақ асыға күтеді. Күні кеше ғана қасиетті Ұлытаудың төрінде, Әулиебұлақтың басында тебіренген Мемлекет басшысының аталы сөзінің толық нұсқасын қазаққа жеткізген осы – «Егемен Қазақстан».

«Егемен Қазақстан» қай кезде де шындықтың сөзін айтып келеді. Сондықтан да қазіргі уақытта таралымы ең көп газетке айналды. «Егемен» қашаннан да бас газетіміз. Ендеше, ақпарат құралдарының көшін бастап, Тәуелсіздіктің көк Туын желбіреті берсін! «Егеменнің» 95 жылдығы таяп қалды. Осы жылдар ішінде бұл басылымда ұлтымыздың небір ұлылары қызмет етті, айтулы алыптарының туындылары жарық көрді. Сөйтіп, елдіктің жаршысына айналды.

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, өзінің туған халқын, ұлтын, оның тарихын, өнерін қадірлейтін, келешегін кемел санайтын әрбір қазақ «Егеменнен» ешқашан көз жазбайды деп ойлаймын. Ғасырға таяу тарихы үйретер тағылымы, берер үлгісі бар «Егеменнің» жолы бола берсін!

**Мырзатай
ЖОЛДАСБЕКОВ**